


«Бекітемін»

«Балауса» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

директоры м.у.а.  М.Даулетова

« 29 » 08 2024 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына ән-саз маманының кіші топқа арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Ән-саз маманы: А.Сейказиева

2024 – 2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Балауса»бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Топ: Кіші «Балапан» тобы

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (айды,жылды көрсету)_қыркүйек- мамыр

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойымен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б. Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.
Қазан	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау. Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау.
Қараша	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.

		Музыка тыңдау. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту. Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.
Желтоқсан	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу. Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу. Ән айту. Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.
Қаңтар	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Музыка тыңдау. Музыка мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау. Ән айту. Ересекпен қосылып ән айту. Әнді жеке және топпен айту. Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.
Ақпан	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. Музыка тыңдау. Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.

Наурыз	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Эртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Музыка тыңдау. Эртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделу.
Сәуір	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. Музыка тыңдау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.
Мамыр	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Музыка тыңдау. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.